

Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу қағидаларын бекіту және оны ұйымдастырушыны айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 178 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 сәуірде № 10753 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 99-бабының 1 -тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды ұйымдастырушы болып айқындалсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Ерғожин Д.Е.) заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 178 бұйрығымен
бекітілген

Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 08.08.2019 № 836 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ағымдағы баға - электрондық аукцион барысында қалыптасатын лоттың бағасы;
- 2) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 3) банкрот - заңды күшіне енген сот шешімімен дәрменсіздігі белгіленген борышкер ;
- 4) бастапқы баға - бағалау құнын айқындау нәтижелері бойынша не объектінің теңгерімдік құны бойынша белгіленетін әр объекті бойынша лоттың бағасы;
- 5) борышкер - оларға қатысты Заңда көзделген рәсімдер қолданылған дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (бұдан әрі - дара кәсіпкер) немесе заңды тұлға;
- 6) ең төмен баға - лот одан төмен сатылуы мүмкін емес баға;

- 7) жабық электрондық аукцион - айналымы шектелген мүлікті сату бойынша электрондық аукцион;
- 8) жеңімпаз - аукцион лоты үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған және электрондық аукционның қорытындысы туралы хаттамаға қол қойған электрондық аукционға қатысушы;
- 9) кепілді жарна - электрондық аукционға қатысу үшін жеке немесе заңды тұлға енгізетін ақша сомасы;
- 10) қатысушы - электрондық аукционға немесе жабық электрондық аукционға қатысу үшін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе заңды тұлға ;
- 11) лот - электрондық аукционда бір мезгілде сатылатын зат немесе бірнеше зат;
- 12) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы (бұдан әрі - тізілімнің веб-порталы) - Интернет желісінде www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша орналастырылған, борышкерлердің мүлкін сату бойынша электрондық деректер қорына бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс (бұдан әрі - деректер қоры);
- 13) сатушы - уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы;
- 14) сатып алушы - сатып алу-сату шартына қол қойған электрондық аукционның жеңімпазы;
- 15) сату бағасы - электрондық аукцион нәтижесінде белгіленген лоттың түпкілікті бағасы;
- 16) уәкілетті орган - оңалту және банкроттық саласында (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы;
- 17) ұйымдастырушы - уәкілетті орган айқындаған және сатушымен банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу бойынша электрондық қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан заңды тұлға;
- 18) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – төлемдерді электрондық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;
- 19) электрондық аукцион - электрондық форматта тізілімнің веб-порталын қолдана отырып өткізілетін электрондық аукцион, оның ішінде жабық электрондық аукцион сауда-саттығының нысаны;
- 20) электрондық аукцион залы (бұдан әрі - аукцион залы) - электрондық аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;
- 21) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Электрондық аукционды өткізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 08.08.2019 № 836 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Банкроттың мүлкін сатуды банкроттықты басқарушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен банкроттың мүлкін сату жоспарына (бұдан әрі – Сату жоспары) сәйкес электрондық аукционды өткізу арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) стратегиялық объектілерге жатқызылған банкроттың мүлкін сату осы Қағидалардың талаптарына сәйкес электрондық аукцион өткізу жолымен "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 188-бабы 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны иеліктен айыруға рұқсат беру туралы шешімін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Стратегиялық объектілерге жатқызылған банкроттың мүлкін сату "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 187-бабы 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мүліктік массаны сатудың ерекше шарттары мен тәртібін, сондай-ақ сатып алушыларға қосымша талаптар белгілеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін ескере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейінгі мерзім ішінде құны айтарлықтай төмендейтін мүлікті (тез бұзылатын тауарлар, мал және жедел өткізуді талап ететін өзге де тауарлар) сатуды уақытша басқарушы уәкілетті органмен келісілген осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тез бұзылатын тауарлар, мал және жедел өткізуді талап ететін өзге де тауарларды сату жоспарының негізінде жүзеге асырады және олар электрондық аукционға теңгерімдік құны бойынша шығарылады.

Уақытша басқарушының Сату жоспарын келісуі Заңның 99-бабының 7-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Сот шешімімен оңалту рәсімі қолданылған борышкер мүлкін сатуды оңалтуды басқарушы оңалту жоспарының негізінде электрондық аукционды өткізу жолымен жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Банкроттықты басқарушы Сату жоспарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүліктік массаны түгендеу және бағалау деректері, сондай-ақ мүлікті теңгерімдік құны бойынша электрондық аукционға қою туралы кредиторлар комитеті шешімінің негізінде жасайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сату жоспарын осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкердің кредиторлар комитеті бекітеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 17.08.2020 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сату жоспарын жасау кезінде сату объектілерінің бастапқы бағасын сатушы теңгерімдік құны не бағалау құнының жетпіс бес пайызы деңгейінде белгілейді.

Дебиторлық берешек электрондық аукционға оның номиналды мәні мөлшерінде бастапқы бағамен шығарылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 17.08.2020 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Сату жоспарында кредиторлар комитетінің келісімімен лоттың ең төменгі бағасы көзделуі мүмкін, лот осы Қағидалардың 5-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, төмен бағамен сатылуы мүмкін емес.

Кредиторлар комитеті лоттың ең төменгі бағасын белгілеген жағдайда, мұндай баға лоттың бастапқы бағасының елу пайызынан кем болып белгіленбеуі тиіс.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Электрондық аукцион өтпей қалған жағдайда, мүліктік массаның алдағы сатуы, кредиторлар жиналысы мүлікті тікелей сату не мүліктік массаны заттай беру туралы шешім қабылдамаса, аукционның өтпегендігі туралы актіге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 17.08.2020 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мүлікті электрондық аукционға қайта шығарған кезде сатушы кредиторлар комитетінің келісімімен лоттың бастапқы бағасын алғашқы бастапқы бағасынан жиырма бес пайыздан аспайтын мөлшерде төмендетеді. Алғашқы бастапқы бағаны төмендету бір рет қана рұқсат етіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 17.08.2020 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Сату жоспары бекітілгеннен кейін сатушы екі жұмыс күнінен кешіктірмей, тізілімнің веб-порталындағы деректер қорына әрбір лот бойынша мынадай ақпараттың енгізуін қамтамасыз етеді:

1) сатушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) сатушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН);

3) сатушының телефоны мен мекенжайы;

4) банкроттың атауы/тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

5) борышкердің ЖСН немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН);

6) банкроттың заңды мекенжайы;

7) сату объектісінің орналасқан жері;

8) банкрот қызметінің негізгі бейіні;

9) сату объектісі туралы мәліметтер (мүліктің атауы, жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі, қысқаша сипаттамасы, шығарылған/салынған жылы, техникалық жай-күйі және басқа);

10) банкроттың банктік деректемелері;

11) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

Енгізілген ақпаратқа қосымша сатушы деректер қорына мынадай құжаттардың сканерленген көшірмелерін енгізуді қамтамасыз етеді:

1) сату объектісін бағалау туралы есеп (ол бар болса) не түгендеу актісін қоса бере отырып, кредиторлар комитетінің мүлікті теңгерімдік құны бойынша шығаруға келіскені туралы хаттамалық шешімі;

2) электрондық аукционға қойылған сату объектісінің сыртқы сипаты мен техникалық сипаттамасын жан-жақты және көзбен қарап бағалауға мүмкіндік беретін кем дегенде 10 фотосурет;

3) кредиторлар комитеті бекіткен Сату жоспары;

4) кредиторлар комитеті отырысының Сату жоспарын бекіту туралы хаттамасы;

5) сату объектілерінің құқық белгілейтін құжаттары, олардың негізінде жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) туындайды, өзгереді және (немесе) тоқтатылады.

Егер стратегиялық объектіге жатқызылған банкроттың мүлкі сатылатын болса деректер қорына осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген құжаттардың көшірмелері енгізіледі және мемлекеттік органдардың "Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1223 қаулысымен бекітілген Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларымен белгіленген тәртіппен алынған банкроттың мүлкіне құқықтарды іске асыруға жазбаша келісімі".

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Сатушы осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген мәліметтерді деректер қорына енгізген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұйымдастырушы қателердің болуын және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

18. Ұйымдастырушы тізілімнің веб-порталын пайдаланушыларға, оның ішінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан аумақтық бөлімшелері арқылы консультациялық көмек көрсетеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 09.01.2019 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламаны тізілімнің веб-порталында жариялау үшін сатушы электрондық аукцион өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын әрбір лот бойынша мынадай мәліметтерді деректер қорына қосымша енгізеді:

- 1) электрондық аукционның күні мен уақыты;
- 2) лоттың атауы;
- 3) лоттың бастапқы бағасы;
- 4) лоттың ең төмен бағасы (болған кезде);
- 5) кепілді жарнаның мөлшері;
- 6) ұйымдастырушының банктік деректемелері;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, оның ішінде айналымы шектелген мүлікті немесе стратегиялық объектіні сату кезіндегі ерекше шарттар және сатып алушыға қойылатын қосымша талаптар;

- 8) өтінімдер қабылдау мерзімі;
- 9) ұйымдастырушының телефоны мен мекенжайы;
- 10) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Сатушы осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мәліметтерді енгізгеннен кейін ұйымдастырушы тізілімнің веб- порталында электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама жарияланғанға дейін, мәліметтер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны қателердің болуына және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Деректер қорына енгізілген мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша ұйымдастырушы сатушыға электрондық аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламаны орналастырудан бас тартады не оны тізілімнің веб-порталында жариялайды.

22. Электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) электрондық аукционды өткізу күні мен уақыты;
- 2) банкроттың атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 3) банкроттың БСН/ЖСН-і;
- 4) сатушының аты, тегі, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

5) сатушының ЖСН-і;

6) банкроттың заңды мекенжайы;

7) сату объектісі туралы мәліметтер (мүліктің атауы, жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі, қысқаша сипаттамасы, шығарылған/салынған жылы, техникалық жай-күйі және басқа);

8) сату объектісінің орналасқан жері;

9) лоттың бастапқы бағасы;

10) кепілді жарнаның мөлшері;

11) ұйымдастырушының банктік деректемелері;

12) өтінімдерді қабылдау мерзімі;

13) ұйымдастырушының телефоны мен мекенжайы;

14) Заңның 3-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген, оның ішінде айналымы шектелген мүлікті немесе стратегиялық объектіні сату кезіндегі ерекше шарттар және сатып алушыға қойылатын қосымша талаптар.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін ұйымдастырушы барлық ниет білдірушілерге тізілімнің веб-порталында орналастырылған лот бойынша ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сатушы барлық ниет білдірушілерге сату объектісіне еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу тізілімнің веб-порталында электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электрондық аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Электрондық аукционға қатысушы ретінде тіркеу үшін тізілімнің веб-порталында осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық өтінімді тіркеу қажет.

Электрондық өтінім беру үшін алдын ала тізілімнің веб-порталында мыналарды көрсете отырып тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: ЖСН, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) заңды тұлғалар үшін: БСН, толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) кепілді жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері;

4) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, қатысушы бір жұмыс күннің ішінде тізілімнің веб-порталында енгізілген деректерді өзгертеді.

Электрондық аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламада мүліктік массаны сатып алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекше шарттар мен қосымша талаптар болған жағдайда, электрондық аукционға қатысушылар электрондық өтінімге өздерінің осы шарттар мен талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса тіркейді.

Жабық электрондық аукционға осы мүлікті сатып алуға құқығы бар Заңның 99-бабының 3-тармағына сәйкес адамдардың қатысуына жол беріледі.

Жабық электрондық аукционға қатысушылар электрондық өтінімге жабық электрондық аукцион шарттары мен талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса тіркейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Электрондық өтінім бергенге дейін қатысушы электрондық аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген ұйымдастырушының есеп шотына кепілді жарнаны енгізуі қажет.

27. Әр лот үшін электронды аукционға қатысу үшін төленетін кепілдік сомасы лоттың бастапқы бағасының 15 пайызын құрайды. Бірақ әр айлық есепік көрсеткіштің 30000 есесінен артпауы керек.

28. Электрондық аукционға қатысушыларға кепілді жарналардың кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілді жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін аталған кепілді жарнаны енгізген объектіні сатып алуға құқық береді.

29. Электрондық аукционға қатысуға электрондық өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталы деректер қорына электрондық өтінім берілген лот бойынша кепілді жарнаның түскені туралы автоматты түрде тексеру жүргізеді.

30. Деректер қорында ұйымдастырушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы электрондық өтінімді

қабылдауды және қатысушыны электрондық аукционға жіберуді жүзеге асырады. Деректер қорында ұйымдастырушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болмаған жағдайда, тізілімнің веб-порталы қатысушының электрондық өтінімін қабылдамайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Тізілім веб-порталының электрондық өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ ұйымдастырушының шотына кепілді жарнаның:

1) кепілді жарнаны ЭҮТШ арқылы төлеу кезінде – электрондық аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын;

2) кепілді жарнаны қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлеудің басқа әдістерін пайдаланған кезде – электрондық аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын түспеуі негіз болып табылады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында тіркеу кезінде көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық өтінімнің қабылданғаны туралы не электрондық өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

33. Электрондық аукционға қатысуға тіркеуден өткен барлық қатысуға ниет білдіргендер жіберіледі.

34. Электрондық аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукциондық нөмір бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

35. Мыналар:

1) электрондық аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген сату объектісін сатып алушыларға қойылатын ерекше шарттарға және (немесе) қосымша талаптарға сәйкес келмейтін заңды (жеке) тұлға;

2) ұйымдастырушы;

3) сатушы электрондық аукционға қатыспайды.

36. Электрондық аукционда жеңген қатысушының кепілді жарнасын ұйымдастырушы электрондық аукцион өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде борышкердің шотына аударады және сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Осы тармақта көзделмеген қалған жағдайларда, ұйымдастырушы қатысушыларға кепілді жарналарды электрондық аукцион өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Кепілді жарнаны аударуды және қайтаруды ұйымдастырушы тізілімнің веб-порталында қатысушының немесе сатушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық өтінішінің негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Электрондық аукцион Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сейсенбі – жұма аралығындағы кезеңде аукцион залында өткізіледі.

38. Электрондық аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте электрондық аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірмей басталады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Электрондық аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукциондық нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді және лот үшін бастапқы бағаны ескере отырып, бірақ Сату жоспарында белгіленген кезіндегі ең төмен бағадан төмен болмайтын өзінің баға ұсынысын көрсетеді.

Электрондық аукцион электрондық аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақытында басталады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Егер электрондық аукцион басталған кезде лот бойынша тіркелген және аукцион залындағы қатысушылар екеуден аз болса, онда электрондық аукцион өтпеген болып танылады.

41. Электрондық аукцион қатысушылардың баға ұсыныстарын беру әдісімен өткізіледі және қатысушылардың біреуінің ең жоғарғы бағасына дейін жүргізіледі. Бұл ретте бағаның өзгеру қадамы былайша белгіленеді:

1) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еседен 50 000 еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 7 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

3) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 50 000 еседен 100 000 еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

4) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 100 000 еседен 250 000 еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 2,5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

5) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 250 000 еседен 500 000 еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 1 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

6) ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіштің 500 000 еселенген және одан жоғары мөлшерде болған кезде өзгеру қадамы 0,5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

42. Электрондық аукцион былайша өткізіледі:

1) электрондық аукционның басталу сәтінде аукцион залында қатысушылардың лот үшін баға ұсыныстары көрсетіледі, бұл олардың шарттарды сақтай отырып, лотты сатып алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады және ағымдағы баға қалыптасады;

2) электрондық аукцион басталған сәттен бастап, қатысушыға басқа қатысушының ағымдағы ең жоғарғы бағасын осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес белгіленген қадамға ұлғайтуға мүмкіндік беріледі;

3) егер электрондық аукцион басталғаннан жиырма минут ішінде қатысушылардың бір де біреуі ағымдағы ең жоғарғы бағаны ұлғайтпаса, онда оны ұсынған қатысушы жеңімпаз деп танылады, ал осы лот бойынша электрондық аукцион өтті деп танылады;

4) егер электрондық аукцион басталғаннан жиырма минут ішінде аукцион залында қатысушылардың біреуі басқа қатысушының ағымдағы ең жоғарғы бағасын осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес белгіленген қадамға ұлғайту жолымен лотты сатып алуға өз ниетін растаса, онда ағымдағы баға белгіленген қадамға ұлғайтылады;

5) егер ағымдағы баға ұлғайтылғаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бір де біреуі ағымдағы бағаны ұлғайту жолымен лотты сатып алуға өз ниетін растамайтын болса, онда лотты сатып алуға өз ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз деп танылады, ал осы лот бойынша электрондық аукцион өтті деп танылады;

6) егер электрондық аукцион аяқталатын сәтте Астана қаласының уақыты бойынша сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаған болса, онда лотты сатып алуға өз ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз деп танылады, ал осы лот бойынша электрондық аукцион өтті деп танылады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2022 № 1324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

43. Егер электрондық аукцион басталған сәтте екі және одан да көп қатысушының баға ұсыныстары лот үшін бірдей ең жоғары бағаны қамтитын болса және осы ағымдағы баға жиырма минут ішінде ұлғайтылмаған болса, онда осы қатысушылардың

арасынан ұсыныстары бірдей ең жоғары бағаны қамтитын қатысушылардың баға ұсынысы аукцион залында басқа баға ұсыныстарынан ерте тіркелген қатысушы электрондық аукцион жеңімпазы деп танылады.

44. Электрондық аукцион барысында техникалық ақау туындаған жағдайда, ұйымдастырушы техникалық ақау фактісінің болуын тіркейді және техникалық ақау тізілімінің веб-порталы тарапында болған кезде аукционның барлық қатысушыларын тізілімнің веб-порталында ақпарат орналастыру арқылы хабардар етеді.

Техникалық ақау электрондық аукционға қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдығында болған кезде электрондық аукцион жалғаса береді.

45. Тізілімнің веб-порталында электрондық аукционды өткізуге кедергі келтіретін техникалық ақау фактісі орын алған жағдайда, ұйымдастырушы ол туралы сатушыны хабардар етеді және тізілімнің веб-порталында ақпарат орналастыру және қатысушының тізілімнің веб-порталында көрсетілген электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы аукционға қатысқан қатысушыларды осы электрондық аукционның жалғасатын күні мен уақыты туралы міндетті түрде алдынала хабардар ете отырып, электрондық аукционды ұйымдастырушы техникалық ақауды түзеткен күннен кейінгі үшінші жұмыс күніне ауыстырады.

46. Электрондық аукцион нәтижелері әрбір сатылған лот бойынша аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған тізілім веб-порталында ЭЦҚ пайдалана отырып, сатушы мен жеңімпаз электрондық аукцион аяқталғаннан кейінгі жиырма төрт сағат ішінде қол қояды.

47. Осы Қағидалардың 40-тармағында белгіленген мерзімде аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамаға қол қоймаған кезде, сатушы өтпеген аукцион туралы актіге қол қояды.

Өтпеген аукцион туралы акті тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады.

48. Аукцион лотына ең жоғарғы баға ұсынған қатысушы электрондық аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сатушы кепілді жарнаны қайтармайды.

49. Электрондық аукцион нәтижелері туралы хаттама электрондық аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша лоттың сатып алу-сату шартының тізілімнің веб-порталы генерациялаған үлгілік жобасына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

50. Жеңімпазбен жасасатын сатып алу-сату шартына электрондық аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

51. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі

1) Аванстық төлем сатып алу – сату келісімшартына қол қойған күннен соң лоттың сату бағасының 30 пайызынан төмен емес мөлшерде төленеді. Аванстық төлем сатып

алушының сатып-алу келісімшартын дұрыс орындауының көрінісі бола алады. Кепілдендірілген төлем қажетті аванстық төлемнің есебіне кіреді;

2) Қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізіледі.

Түпкілікті төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатушы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Түпкілікті төлем мерзімінің өтуі салдарынан шарт бұзылған кезде кепілдік төлем қайтарылмайды.

52. Сату-сатып алу келісімшартына қол қойған мезгілде жеңімпаз сатушыға аванстың төленгенін растайтын құжатты, сондай-ақ, электронды аукционның өтетіндігі туралы хабарламада көрсетілген айрықша жағдай және (немесе) қосымша талаптарына сай келетіндіктерін растайтын құжаттардың және электронды сұранысқа бекітілген құжаттардың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынуы тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптар сатып алу-сату шартында көрініс табады.

53. Сатып алушы сатып алу-сату шартына осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген мерзімде қол қоюдан бас тартқан не сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған не осы Қағидалардың 52-тармағында көрсетілген құжаттарды сатушыға ұсынбаған жағдайда, сатушы кепілді жарнаны қайтармайды және тізілімнің веб-порталынан басып шығарылатын электрондық аукцион нәтижелерінің күші жойылғаны туралы актіге қол қояды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.01.2022 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Банкроттың мүлкін сату
бойынша электрондық
аукционды өткізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
20__ жылғы " "
уәкілетті органмен келісілді

Тез бұзылатын тауарлар, мал және жедел өткізуді талап ететін өзге де тауарларды сату жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(борышкердің атауы/тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және борышкердің деректемелері (бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

Заңды мекенжайы _____

Банктік шоты _____

Негізгі қызмет түрі _____

облысының (қаласының) мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20__

жылғы " __ " _____ шешімімен _____

_____ банкрот деп танылды.

(дара кәсіпкер үшін: тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), заңды тұлға үшін: атауы)

Мүлік сатуға _____ лотпен (саны) қойылады:

| Лот № | Лоттың сипаттамасы (сату объектісінің атауы, физикалық жай-күйі, жарамдылық мерзімі және басқа) | Мүліктің теңгерімдік құны (мың теңге) | Бастапқы бағасы (мың теңге) |
|-------|---|---------------------------------------|-----------------------------|
|-------|---|---------------------------------------|-----------------------------|

Сатудың ерекше шарттары (айналымы шектелген борышкердің мүлкін сату кезінде) _____

Сатып алушыға қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қосымша талаптар _____

Уақытша басқарушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы)

Банкроттың мүлкін сату
бойынша электрондық
аукционды өткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Банкроттың мүлкін сату жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(борышкердің атауы/тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және деректемелері
(бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)
Заңды мекенжайы _____

Банктік шоты _____

Негізгі қызмет түрі _____

облысының (қаласының) мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20__ жылғы " __ " _____ шешімімен _____

_____ банкрот деп танылды.

(дара кәсіпкер үшін: тегі, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),

заңды тұлға үшін: атауы)

Уәкілетті органның 20__ жылғы "___" _____ № _____ бұйрығымен

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) банкроттықты басқарушы болып тағайындалды.

Уақытша (банкроттықты) басқарушы борышкердің мүлкін түгендеуді 20__ жылғы "___" _____ 20__ жылғы "___" _____ аралығында жүргізді.

Борышкердің мүлкін бағалауды 20__ жылғы "___" _____

(лицензияны берген органның атауы)

берілген, тіркеу нөмірі _____ мүлікті бағалау жөніндегі

қызметті жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензиясы бар

(дара кәсіпкер үшін: тегі, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), заңды тұлға үшін: атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) жүргізді.

20__ жылғы "___" _____ шартқа сәйкес 20__ жылғы "___" _____

- 20__ жылғы "___" _____ аралығында бағалау жүргізілді.

Мүлік сатуға _____ лотпен (саны) қойылады:

| Лот № | Лоттың сипаттамасы (кадастрлық нөмірі, шығарылған/ салынған жылы, техникалық жай-күйі және басқа) | Мүліктің құны (мың теңге) | Бастапқы бағасы (мың теңге) | Ең төмен баға (мың теңге) (бар болса) |
|-------|---|---------------------------|------------------------------|---------------------------------------|
| | | Теңгерімдік | Бағалау | |
| | | | | |

Сатудың ерекше шарттары (айналымы шектелген борышкердің мүлкін немесе стратегиялық объектіні сату кезінде) _____

Сатып алушыға стратегиялық объектілер бойынша (бар болса) қойылатын
Қазақстан

Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің
шешімімен

белгіленген қосымша талаптар

Банкроттықты басқарушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
қолы)

Банкроттың мүлкін сату
бойынша электрондық
аукционды өткізу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Борышкердің мүлкін бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі
конкурстың өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші
орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

(заңды тұлға үшін: атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке кәсіпкер үшін:
тегі, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Банкроттықты басқарушысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта
көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(борышкердің заңды мекенжайы/мекенжайы, телефон)

мекенжайы бойынша орналасқан борышкердің _____

дара кәсіпкер үшін: (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлға үшін: атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

мүлкін бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурсты жариялайды.

Борышкер мүлкінің құрамына: _____

_____ кіреді.

(бағалау объектісі, шығарылған/салынған жылы, техникалық жай-күйі және басқа)

Конкурса қатысу үшін өтінімдер осы хабарлама жарияланған күннен бастап он жұмыс

күні ішінде _____

(қала, көше, үйдің нөмірі, пәтер/бөлме нөмірі, телефон)

мекенжайы бойынша _____ бастап _____ дейін қабылданады, түскі үзіліс _____ бастап

_____ дейін.

Конкурсты ұйымдастыру бойынша кінәрат-талаптар _____

(уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің мекенжайы: қала, көше, үй, кабинет, телефон нөмірі, электрондық почта)

мекенжайы бойынша _____ бастап _____ дейін қабылданады, түскі үзіліс _____ бастап _____ дейін.

Банкроттың мүлкін сату
бойынша электрондық
аукционды өткізу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукционға қатысуға өтінім

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2020 № 417 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. _____

(дара кәсіпкер үшін: тегі, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), заңды тұлға үшін: атауы)
банкроттың мүлкін сату туралы жарияланған ақпараттық хабарламаны қарап және Банкроттың мүлкін сату бойынша электрондық аукцион өткізу қағидаларымен танысып,
тізілімнің веб-порталында 20__ " __ " _____ сағат __ өтетін электрондық аукционға

қатысуға ниет білдіреді. 2. Мен (біз) электрондық аукционға қатысу үшін ұйымдастырушының

(есеп шот деректемелері көрсетіледі)
есеп шотына жалпы сомасы _____ (_____) теңге _____ (_____)
цифрлармен)

жазбаша) (саны) кепілдік жарна (жарналар) енгіздім (енгіздік).

Енгізілген кепілді жарналар туралы мәліметтер:

| Р/с № | Кепілді жарнаның мақсаты және электрондық аукциондарға қатысу үшін кепілді | Төлем құжатының № | Төлем құжатының күні | |
|-------|--|-------------------|----------------------|--|
| | | | | |

| | жарна енгізілген сату объектісінің атауы | | | Кепілді жарнаның сомасы, теңге |
|---|--|--|--|--------------------------------|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| | Жиыны | | | |

3. Мен (біз) мыналардың:

1) сату объектісін сатып алушыларға қойылатын электрондық аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген ерекше шарттарға және (немесе) қосымша талаптарға сәйкес келмейтін заңды (жеке) тұлға;

2) ұйымдастырушы;

3) сатушы қатысушы ретінде тіркелуге жатпайтыны туралы хабардармын (хабардармыз).

4. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкес келмейтінім (келмейтініміз) анықталған жағдайда, мен (біз) электрондық аукционға қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), мен (біз) қол қойған сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың және сатып алу-сату шартының жарамсыз деп танылатынымен келісемін (келісеміз).

5. Егер мен (біз) сауда-саттық жеңімпаз(дар)ы деп айқындалған жағдайда, өзіме (өзімізге) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға электрондық аукцион өткізілген күні қол қою және электрондық аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін аламын (аламыз).

6. Мынадай:

1)сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан;

2)белгіленген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан;

3)мен (біз) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған;

4)мен (біз) қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтінім (келмейтініміз) анықталған жағдайларда, мен (біз) енгізген кепілдік жарнаның сомасы қайтарылмайтынымен және сатушыда қалатынымен келісемін (келісеміз).

7. Осы өтінімнің сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шартын жасасуға дейін қолданылатын шарттың күші бар.

8. Өзім (өзіміз) туралы мынадай мәліметтер беремін (береміз):

Дара кәсіпкер үшін:

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Төлқұжат деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Банктік деректемелері: _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

Бизнес сәйкестендіру коды _____

Банктің атауы _____

Бенефициар коды _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Банктік деректемелері:

Жеке сәйкестендіру коды _____

Бизнес сәйкестендіру коды _____

Банктің атауы _____

Бенефициар коды _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

жеке тұлғаның (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта

көрсетілсе) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының немесе сенімхат

негізінде әрекет ететін заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын

куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталымен 20__ жылғы "___" _____

— сағат "___" минутта қабылданды.

Қатысушының аукциондық нөмірі _____.